

Қ.Ж. Сабраев

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, Sabraev@list.ru)

ЭЛЕКТРОНДЫ ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТА ЗАМАНАУИ ОҚИТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аннотация. Мақалада электронды интерактивті тақтаның техникалық жабдық ретінде заманауи білім беру жүйесіндегі орны мен ролі, оқушының білімін жетілдірудегі қолданбалы, эмпирикалық мәні мен артықшылықтары жайлы тұжырым жасалды. Заман талабына сай білім беру жүйесінде техникалық жабдықталу мен оларды өз деңгейінде игере білу негізгі талаптардың бірі болып табылады. Дәстүрлі білім берудегі кемшін соғатын тұстардың қатарына осы техникалық құрал-жабдықтың болмауы немесе өз деңгейінде қолданылмауын жатқызуға болады. Дәрістің тыңдаушыға түсінікті болуы тек мимика, дауыс ырғағы, белгілі бір мәселені айрықшалап көрсетумен ғана шектелмей, сонымен қатар нақтылы мысалдар, көрнекі құралдарды қандай деңгейде қолдануына байланысты. Интерактивті тақта арқылы белгілі бір схема, диаграмма, формула, видео, анимациялық көріністер сынды нақты мысалдар келтіре отырып, оқушының сабақты меңгеруі мен тақырыпты қызығалықты қылып өткізуге мол мүмкіндік бар. Сапалы білім берудегі бір критерий - тақырыптың мазмұнын ашу мен тыңдаушының қызығушылығы болса, интерактивті тақта осы сұранысқа белгілі бір деңгейде ұсыныс ретіндегі бірден-бір қажетті құрал екені даусыз.

Кілттік сөздер: Интерактивті тақта, ақпарат, технология, тактильді басқару, анимация.

Заманауи мектептің басты мақсаты – әр оқушының қабілетін ашу, тұлғаны жоғары технологиялық және бәсекелестікке толы өмірге тәрбиелеу. Мектептік оқыту әрбір түлектің өз алдына елеулі мақсаттар қойып, оған жете алатындай және әр түрлі өмірлік жағдаяттарға жауап қайтара алатындай дәрежеде болуы қажет. Осы жағдайда, қазіргі заманғы ағартушының негізгі міндеті анық - ол тек максималды көп білім беру ғана емес, сонымен қатар балаға ақпараттық қоғам шындығына шарлауды, ақпаратты өз бетімен шығарып және талдауды үйрету.

Бұл мәселені дәстүрлі көзқарас бойынша және дәстүрлі оқыту құралдары арқылы шешу қиынға соғады. Осы уақытқа дейін сабақ барысында көрнекі құрал ретінде тақта, бор, плакаттар мен диаграммалар, слайдтар қолданылып келді. Әрине, бұл құралдар ақпаратты визуализациялауда және кейбір дәрежеде білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Бірақ оларды пайдалану барысында бір уақытта студенттердің үлкен санын материалды толық қабылдауын қамтамасыз ету өте қиын. Қазіргі заманғы мектептерде ақпараттық технологияларды қолдану дәстүрлі оқыту технологияларынан жаңа интеграцияланған білім беру ортасына, интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін қоса алғанда, көшуге мүмкіндік береді.

Оқу үрдісінде инновациялық оқу құралдарының мүмкіндіктерін дұрыс пайдалану танымдық қызметті арттыруға және оқушылардың үлгерімінің сапасын жақсартуға; кешенді мектептің сыныптарында қолдануға арналған, қазіргі заманғы электронды оқу материалдарының көмегімен оқудың мақсатына жетуге; студенттердің өз-өзіне білім алу мен өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға; олардың оқытушылық қиындықтарын қысқарту, қызметті және бастамасын, сондай-ақ сыныптағы оқыту жайлылық деңгейін арттыруға; оқушылардың ақпараттық ойлауын дамытуға; ақпаратты-коммуникациялық құзіреттілігін қалыптастыруға; дербес компьютерде жұмыс істеу дағдыларын иеленуге септігін тигізеді [1,с.6].

Кешенді мектептерде сабақ барысында интерактивті әдістер мен оқыту құралдарын пайдаланудағы мәселелерді көптеген ғалымдар мен педагогтар зерттеген: И.Р.Высоцкий, Б.С.Гершунский, А.П.Ершов, Э.И.Кузнецов, А.М.Коротков, В.М.Монахов, Е.С.Полат, И.В.Роберт, А.Ю.Уваров, О.К.Филатов, Н.И.Захарова, Г.К.Селевко, А.А.Ушаков, А.А.Веряев, Т.Н.Лось, И.В.Гиршин және басқалары.

Алайда, теориялық зерттеулер нәтижесі және педагогикалық қызметтің тәжірибесі, интерактивті оқыту құралдарын жүйелі ұйымдастыруы жоқ және оқу үдерісінің технологияланбаған жағдайда тек уақытша тиімділігін қамтамасыз ете алатынын дәлелдеді. Т.Т.Галиевтің айтуы бойынша, білім беру процесінің технологиялық құрылысы міндетті түрде нақты анықталған мақсаттар мен педагогикалық технологиялық ерекшеліктерге дәйекті бағдарды қамтиды, осыған сәйкес педагогикалық процесс мақсатқа жетуге кепілдік беруі қажет [2,с.2].

Заманауи білім беру технологияларын оқыту барысында қолдану, педагогикалық практикада жаңа әдістер мен құралдар пайдалану мәселесі оқытушыларға практикалық қолдау мен көмек көрсету үшін әзірленген. Практикада қолданылған білім, оқу үрдісі кезінде студенттердің қасиеттер ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Осындай құралдың бірі интерактивті тақта болып табылады.

Бұл виртуалды дисплей зерттеліп жатқан объекті жайында жарқын әрі неғұрлым кең көзқарас бере алады: сөзбен түсіндіру қиын немесе іш пыстырарлық нәрсені мобилді және қызықты етеді. Тактильді басқару жаңа ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді (кескін бетіне жазу мүмкіндігі, проектор арқылы көрсетілген нысандарды жылжыту, интерактивті басқару элементтерін қолдану т.б.), визуальді оқыту процесстерін әлдеқайда жоғары деңгейге көтереді және тікелей айтқанда оқытушылардың «қолын шешеді», оларға студенттердің назарын жаулай отырып динамикалық сабақтар жүргізуге мүмкіндік береді. Оған көп мөлшерде түрлі ақпарат орналастыруға болады. Ал арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету оқытушыға авторлық сабақ жасауға көмектеседі, себебі мәселені шешу барысында оның есінде барлық қадамдар мен қозғалыстар қалған. Материалдарға қайта оралып студенттердің табысын сараптауға, сонымен қатар олардың ата-аналарына сабақ барысында қандай тапсырмаларды орындайтынын көрсетуге болады.

Интерактивті тақта оқытушы мен оқушы қарым – қатынасының қуатты құралы болды, сыртқы пішіні бойынша қарапайым сынып тақтасы мен қазіргі заманғы компьютерлік мүмкіндіктерді туралай отырып, жұмыс және шығармашылық үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады.

Интерактивті тақтаны білім беру процесінде қолдану тек жаңа ғана емес сондай-ақ жылдар бойы қолданылған педагогикалық әдістерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, себебі даусыз компьютер мен тақтаның артықшылықтарын алған.

Интерактивті тақтамен жұмыс істей отырып, мұғалім әрқашан назарда болады, студенттерге қарап үнемі байланыста болады. Түрлі түсті пайдалану қабылдау тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Оқушыларға да интерактивті тақтамен жұмыс істеу ұнайды: оқу қызықты болады, ол жұмыспен шығармашылықтың үлкен мүмкіндігі.

Білім беру процесінің маңызды мәселесі – оқу материалдарын қабылдау деңгейін және оны қолдана білу қабілетін арттыру. Психологтардың зерттеу нәтижесі бойынша адамдар өз көргенінің тек 20% -ын, естігенінің тек 30%-ын, естіп, көргенінің 50%-ын, ал естіп, көріп, сонымен қатар жасағанының 80% есте қалады. Көріп отырғанымыздай, адам материалды көріп, естіп, «жанасқанда», өз қолымен бір нәрсе істесе (жазып алса, суретін салса, т.б.), практикада қолданса есте жақсы сақтайды. Осы деректер негізінде, біз интерактивті технологияны пайдалану айтарлықтай студенттердің білім сапасын жақсартуы мүмкін деп айтуымызға болады [3,к.94].

Осы сәтте бізге көмекке интерактивті тақта (компьютерлерде отырып өскен студенттердің ақпаратты қабылдау ерекшелігіне сәйкес келетін) келеді. Бүгінгі балалардың қызбалы көрнекі ақпаратқа және көзбен ынталандыруға қажеттілігі әлдеқайда жоғары екендігі дәлелденген.

Мектептерде интерактивті тақта сирек емес. Бірақ, ол өзінің бар мүмкіндігінше қолданылады ма? Д.И.Менделеевтің қанатты сөзі осы жерде орынды: мұнай мен газды тек пеш жағу үшін қолдану орынсыз дәл сол сияқты интерактивті тақтаны тек экран ретінде пайдалану орынсыз.

Интерактивті тақтаны пайдаланып сабақ дайындау электронды түрде материалды қалыптастыру бойынша елеулі қосымша жұмысты талап етеді. Интерактивтік тақтамен сабақ дамыту - жеткілікті уақытты қажет ететін процесс. Алайда, бұл өте бай жеміс әкеледі.

Интерактивті тақтаны сабақта пайдалану әрекет және динамика құруға көмектеседі. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып оқыту - оқытудың мүлдем жаңа әдісі, бірақ табысты сабақ негіздері бірдей. Ең бастысы оқытушы сабақты анық жоспарға және арналған құралымға сәйкес жүргізсе, белгілі бір мақсаттарға жетсе. Ал интерактивтілік - бұл қосымша құрал болып табылады, шебер пайдалану арқылы жаһандық нәтижелерге қол жеткізуге болады. [4,с.95].

Интерактивті тақталар әр түрлі бағыттар бойынша оқыту мен оқуды өзгертуі мүмкін

1. Презентациялар, демонстрациялар және модельдерді құру [4, с.12].

Интерактивті тақтамен ұштастыра отырып қажетті бағдарламалық қамтамасыз ету және ресурстарды пайдалану жаңа идеяларды түсінуді жақсартуға болады.

Интерактивті тақта бүкіл сыныпты оқыту үшін таптырмас құрал. Оқытушыға сабақты өте жанды және қызықты етіп өткізуге мүмкіндік беретін көрнекі ресурс болып табылады. Оқушылар мен оқытушылар материалды түсінікті әрі егжей-тегжейлі оқуға болатындай мультимедиалық ресурстар көмегімен ақпарат беруге мүмкіндік береді. Ол тізбектер түсініктемесін жеңілдетіп, күрделі мәселені шешуге көмектесе алады. Оқытушылар қызықты және динамикалық идеялар тұсаукесерін жасау

үшін тақтаны пайдалануына болады. Тақта оқушыларға жаңа материалмен өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ, бағзы идеялар мен ұғымдарды түсіндіруге мұғалімдер үшін бағалы құралы. Жаңа байланыстар орнату үшін сіз оңайлықпен тақта бетіндегі ақпаратты және нысан орындарын өзгерте аласыз. Оқытушы өзінің әр ісін дауыстап айта отырып, студенттерді ынталандырып, оларды өз идеяларын тақтаға жазуға тартуына болады.

2. Оқу үрдісіне студенттерді белсенді түрде тарту [5, с.12].

Зерттеулер, интерактивті тақталар түрлі динамикалық ресурстарды қолдану және мотивацияны жетілдіру арқылы сабақты оқушы үшін де, оқытушы үшін де қызықты ететінін дәлелдеген.

Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс істеу студенттердің білімін тексеру үшін мұғалімдерге көмектесе алады.

Белгілі бір идеяларды түсіндіру мақсатында оң сұрақтар қойып, талқылау туғызу арқылы студенттерге материалдарды жақсы түсінуге көмектеседі. Талқылауды басқару арқылы, оқытушы студенттерді шағын топтарда жұмыс істеуге ынталандыруына болады. Интерактивті тақта бүкіл сынып үшін назар орталығына айналады. Барлық материалдар алдын ала дайындалған және оңай қол жетімді болса, ол сабақтың жақсы қарқынын ұсынады.

3. Сабақтың қарқыны мен ағынын арттыру.

Интерактивті тақтаны пайдалану материалдарды қарапайым, бірақ шығармашылық қолдануды қамтамасыз етеді. Файл немесе беттерді алдын ала дайындап, қол жетімді басқа да ресурстарға тіркеуге болады. Оқытушылардың айтуынша, басты файл негізінде сабаққа дайындалу сабақты жоспарлауға және қолайлы ағымда өтуге көмектеседі.

Интерактивті тақтада нысандарды және жазуларды жылжыту, диаграммалар, мәтіндер мен суреттерге пікір қосу, негізгі аймақтарды ерекшелеу және түстерді қосу өте оңай. Сонымен қатар, мәтіндер, суреттер мен графикаларды жасырып, сабақтың маңызды сәтінде көрсетуге болады. Оқытушылар мен студенттер іс әрекеттердің барлығын сынып алдында, тақта бетінде жасау арқылы әркімнің назарын өздеріне тартады.

Интерактивті тақтамен болытын сабақты жоспарлауда оқытушы технологиялық операциялардың, экранға шығар ақпараттың формасы мен ұсыну ретін ойластыруы қажет [5, с.85].

Қазіргі заманғы стандартты мектеп сабағы, педагогикалық және ақпаратты технологиялық оқытуды ескере отырып, интерактивті сабақ барысы мынадай бола алады: сабақтық басына дайындық, сабақ мақсаттарын түсіндіру, жаңа тақырып немесе тапсырмаға кіріспе, сабақтың негізі болғандықтан сабақ барысында бірнеше рет қайталануы мүмкін, оқушылардың қатысуымен тақырыпты дамыту, сабақ соңында сабақ барысын және не өткендігін талқылау.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Саржанова А.Н., Пустовалова В.Г. Использование информационно-коммуникативных технологий в начальных классах // Начальная школа Казахстан. – 2011. - №1. – С.6-8.

[2] Акпаева А.Б. Методика формирования математических понятий у младших школьников / Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2000. – 26.

[3] Каримова Я.Г. Инновационные методы преподавания с использованием Интерактивной доски и флипчартов как средств мотивации учащихся // Творческая педагогика. – 2011. - №3. – С. 94-99.

[4] Кабулова Г.С., Ефимова И.И., Тороян С.В. Использование интерактивной доски на уроках в начальной школе // Школьные технологии. – 2011. - №9. – С.11-18.

[5] Лось Т.Н. Интерактивная доска на уроках русского языка // Творческая педагогика. – 2011. - №3. – С. 85-3-93.

Сабраев Қ.Ж.

Электронная интерактивная доска как современное средство обучения

Резюме. В статье рассматривается роль и эффективность интерактивной доски в процессе обучения. В результате использования интерактивной доски слушатели не только осознают лекции, и значительно улучшается запоминание зрительном образом и способность работать самостоятельно. Это отличная возможность улучшить и развить навыки чтения студентов. Если основной целью педагога является дать качественное образование, то использование во время урока интерактивной доски является основным инструментом для удовлетворения этого спроса.

Ключевые слова: Интерактивная доска, информации, технологий, тактильное управления, анимации.

Sabraev K.J.

Electronic interactive whiteboard as a modern teaching tools

Summary. In this paper considered role and effectiveness of interactive whiteboard in the learning process. Using interactive whiteboard gives to students not only aware of the lecture, also significantly improves the memorizing of visual images and the ability to work independently. This is a great opportunity to improve and develop students' reading skills. If the main purpose of the teacher is to give a quality education, using interactive whiteboard during the lesson is the main tool to satisfy this demand.

Key words: interactive whiteboard, information, technology, tactile control, animation.

УДК 376:004

Г.И. Салғараева, Б. Сабит

(Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, sabit_botakoz@mail.ru)

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ
БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮРДСІ, МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ**

Аннотация. Инклюзивті білім беруді дамытудың мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн. Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану.

Кілттік сөздер: мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім беру, педагогикалық іс-әрекет, ақпараттық технология.

Инклюзивті білім беруді дамытудың мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн. Бала және оның ата – анасының тұрғылықты жеріне сәйкес жалпы типтегі мекемелерде мұндай балаларға білім беруді ұйымдастыру оларды ұзақ мерзімге мектеп – интернатқа жіберуден сақтап, отбасында тәрбиеленіп тұруы үшін жағдай жасайды, қалыпты деңгейдегі дамыған құрдастарымен күнделікті қарым – қатынас жасауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімделуі және қоғамға кіріктіруге қатысты мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін Мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізіліп жатыр. Бүгінгі күні білім саласында өз шешімін таппай отырған мәселелер жеткілікті Инклюзивті білім беруді дамыту бағыттары 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік дамыту бағдарламасында шешімін тапты [1].

Қоғамдағы мүгедектердің жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда ересек мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалары жиі іске алынып жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың адамзаттық ар - ожданын кемсітетін, оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әр түрлі кемсітуші көріністер болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда біз оқушының деңгейіне мән бермейміз, нәтижесінде көптеген оқушылар осы деңгейге жетпей қалу салдарынан үлгермеушілер қатарына жатады.

Мектептегі үлгермеушіліктің негізгі себебі мектептегі білім беру жүйесінің баланың интеллектуалдық жүйесіне сәйкес келмеуі. Ал біз болсақ, білім беру бағдарламаларын күрделендіру үстіндеміз. Баланың меңгеру деңгейін, оның жас ерекшелігін назарға алмай, бір жағынан баланың жаңа бағдарламамен оқуы қиынға соғатынын түсіне отырып, оны беделді мектепке, мықты мұғалімге беруге тырысамыз. Қазіргі уақытта арнаулы білім берудегі нақты прогресске бірнеше факторлар: мүгедек оқушыларға қатысты үміттің аздығы, жоқтығы, инклюзивті білім беруге мектептердің дайын еместігі кедергі келтіруде. Арнаулы білім беруді кез келген білім беру реформаларының бағдарламаларына